

Мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу туралы хабарландыру

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесінің Түркістан филиалы мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын іріктеу өткізу туралы хабарлайды.

1. Құжаттар қабылдау күні және орны:

- конкурсқа қатысуға арналған құжаттар 2022 жылғы 14 қаңтар және 21 қаңтарды қоса алғанда мына мекенжай бойынша: 161200, Түркістан облысы, Түркістан қ., Тәуке хан даңғылы, 371-құрылыс, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесінің Түркістан филиалы, жетекші маманға, конкурсқа қатысушының кері мекенжайы көрсетілген (өзінің тапсырған немесе пошта арқылы жіберген) конвертте немесе Moldir.Amrenova@nationalbank.kz. электронды поштасы бойынша электронды түрде қабылданады.

2. Конкурстық іріктеуге қатысушыларға қойылатын талаптар:

- «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» немесе көрсетілген мамандықтарға ұқсас мамандық бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) филологиялық білімі;
- мемлекеттік тілді оқыту тәжірибесі кем дегенде 5 (бес) жыл;
- ғылыми дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы (құптарлық);

3. Конкурсқа қатысушылар талаптарға сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттар тізбесі:

- жалпы мәліметтер көрсетілген конкурстық іріктеуге қатысушының түйіндемесі;
- жеке басты куәландыратын құжаттардың көшірмелері (жеке тұлғалар үшін);
- жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы дипломдарының көшірмелері;
- ұсынымдар (бар болған жағдайда);
- кәсіби деңгейін растайтын өзге құжаттардың көшірмелері (ұсынымдар, мінездемелер, сертификаттар, ғылыми дәрежесі және (немесе) атақтарының, санатының, ғылыми жарияланымдарының болуы туралы құжаттар) (бар болған жағдайда).

4. Конкурстық комиссия хатшысы конкурстық іріктеу өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде уақтылы мөр басылған конвертте қолына не пошта арқылы немесе электрондық түрде электрондық пошта арқылы қабылдайды.

5. Конкурстық комиссия хатшысы кандидаттарды конкурстық іріктеу нәтижелері туралы 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

6. Мемлекеттік тіл курсы өткізу бойынша ақылы қызмет көрсету шартының маңызды талаптары, сондай-ақ ақы төлеу мөлшері және шарттары:

- мемлекеттік тіл курсы өткізу орны – Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 371-құрылыс;

- конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылармен мемлекеттік тілді оқыту курсы өткізу бойынша ақылы қызмет көрсету шарты жасалады;

- бөлінген сома – 1 академиялық сағаттың құны Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлеуші есебінен табыс салығының ұсталуымен 5000 теңге 00 тиын.

7. Жауапты бөлімшенің (жауапты адамның) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық поштаның мекенжайлары:

- 161200, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәукехан даңғылы, 371-құрылыс, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесінің Түркістан филиалы, тел. 8(72533) 5-99-62 ішкі нөмір 4125, **М.Қ.Амренова**, электрондық пошта Moldir.Amrenova@nationalbank.kz.

Сонымен қатар, құжаттар пакетін толық ұсынбау конкурстық комиссияның оларды қараудан бас тарту үшін негіз болады.

Ұлттық Банктің ресми сайты – «nationalbank.kz»

**ҚР ҰБ Түркістан филиалы үшін мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі
қызметті сатып алу туралы**

2022 жылғы «___» _____
(ҚР ҰБ-да тіркелген күні)

№ _____ ҰБ/ _____ **ШАРТ**
(ҚР ҰБ нөмірі/Орындаушының нөмірі)

Шымкент қ.

2022 жылғы «___» _____
(Орындаушының қол қойған/тіркеген күні)

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесінің Шымкент филиалы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, Филиал туралы ереже мен _____ Бас сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын Шымкент филиалының директоры А.А.Ботанбеков бір жағынан және кәсіпкерлік қызметтің субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын _____ арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Түркістан филиалы үшін мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі қызметті сатып алу туралы төмендегілер жайында осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Орындаушы Шартта қарастырылған талаптар мен мерзімдерге, сондай-ақ Шарттың қосымшасында көрсетілген құны мен қызметті көрсету ұзақтығына сәйкес Түркістан филиалы үшін Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне мемлекеттік тілді оқыту қызметін (бұдан әрі – Қызметтер) көрсетуге өзіне міндеттеме қабылдайды.

1.2. Орындаушы Шарттан туындайтын өзіне қабылдаған барлық міндеттемелерді Ұлттық Банктің талаптарына, сондай-ақ Шарттың талаптарына сәйкес жеке орындайды.

1.3. Қызмет көрсету орны: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 371-құрылыс, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Түркістан филиалының ғимараты.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы Орындаушы көрсететін қызметінің құны есебіне сәйкес анықталған (Шарт Қосымшасы), Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ақы төлеу көзінен ұсталынатын жеке табыс салығының сомасын есепке алғанда _____ (_____) теңгені құрайды және осу жағына қарай өзгеріске түспейді.

2.2. Тапсырыс беруші Орындаушы нақты орындаған 1 (бір) академиялық сағатқа _____ (_____) теңге ақы төлейді.

2.3. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауда есептесу мерзімі қызмет көрсетілген күнтізбелік ай болып табылады.

2.4. Көрсетілген қызмет туралы актіге (бұдан әрі – Акт) Тапсырыс берушінің өкілі мен Орындаушы қол қойған күннен бастап, операциялық 10 (он) күн ішінде ай сайын Тапсырыс беруші Орындаушының шотына ақша аудару арқылы көрсетілген қызметке ақы төлеуді жүзеге асырады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) Шарт бойынша Орындаушы өз міндеттемелерін тиісті орындау үшін қажетті жағдайлар құруға;

2

) 3) Шарт бойынша нақты көрсетілген Қызмет үшін ақыны Акт негізінде уақытында және толық көлемде төлеуге міндеттенеді.

к 3.2. Тапсырыс беруші:

ө 1) көрсетілетін Қызметтің сапасы мен толықтығын тесеруді жүзеге асыруға;

с 2) Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда оны болжамды бұзу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлай отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

і 3.3. Орындаушы:

л 1) қызмет көрсетуді Шартта қарастырылған мерзімде, Шарттың Қосымшасына сәйкес тиісті (жоғары) сапалы, толық көлемде жүзеге асыруға;

е 2) көрсетілген қызмет туралы Акт құру үшін есептесу мерзімінен кейінгі айдың 5-іне дейін нақты орындаған уақыты туралы есепті Тапсырыс берушіге ұсынуға;

Қ 3) Ұлттық Банктің режимдік талаптарын және рұқсатнама режимін сақтауға;

з 4) осы Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, оған Тапсырыс берушінің жұмыс кезінде мәлім болған және қызмет бабында пайдалануға арналған барлық мәліметтерін құпия ұстауға және жария етпеуге;

т 5) қандай да болмасын біреуге осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз толық не ішінара бермеуге міндеттенеді.

3.4. Орындаушы нақты көрсетілген Қызмет үшін Шартта көзделген тәртіпте және мерзімде ақы алуға құқылы.

Тараптар болжамды бұзу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын басқа Тарапқа

т

н

бұл туралы жазбаша хабарлай отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

4.1. Қызмет көрсету мерзімі – Осы Шарттың №1 Қосымшасына сәйкес. Қызмет көрсету күні мен уақытын Тапсырыс беруші Орындаушымен келісім бойынша айқындайды.

4.2. Қызмет көрсету тәртібі мен әдістемесін (сабақтарды өткізу кезеңі мен ұзақтығын) Тапсырыс беруші Орындаушымен келісіп, айқындайды.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

5.2. Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге нақты көрсетілген Қызмет үшін ай сайынғы ақы сомасының 5% (бес пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

5.3. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға ақы төлеу күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір операциялық күн үшін төленуге тиісті соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5 %-дан (бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

5.4. Орындаушы Шарттың 3.3-тармағының 4) тармақшасын бұзған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жалпы соманың 5 % (бес пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

5.5. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші ақы төлеу кезінде Орындаушының келісімінсіз тұрақсыздық сомасын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалуға құқылы.

5.6. Тұрақсыздық сомасын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе ойдағыдай орындамағаны үшін, егер олар Тараптар алдыу-ала болжай алмаған және осы Шартты орындауға тікелей кедергі жасаған дүлей күштің тууы: су тасқыны, жер сілкінісі, басқа да апатты жағдайлар, азамат соғысы, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдары, халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер, мемлекеттік органдардың актілері салдарынан болса, онда жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күштің әсеріне ұшыраған Тараптың

міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдай орын алған уақытқа ұзартылады.

6.2 Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмай қалған Тарап осы Шарттың 6.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғаны және тоқтағаны туралы екінші Тарапты дереу хабардар етуге тиіс, сондай-ақ растайтын құжат ұсынады. Мұндайда, жалпыға танымал фактілер дәлелдеуді қажет етпейді.

6.3. Егер Шарттың 6.1-тармағында көрсетілген жағдайлар 1 (бір) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұдан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Мұндайда Жеткізуші нақты көрсетілген Қызмет құнын шегере отырып, Тапсырыс берушіге алдын-ала төленген ақы сомасын толық көлемде қайтарады, осыдан кейін Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптан қандай да бір шығындарды талап етуге құқығы жоқ.

7. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

7.1. Тараптар жалпы Шарт талаптарын және ұсынушы Тарап құпия деп белгілеген барлық ақпаратты бір Тараптың жариялау заңдарда жазылған не соған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылған жағдайлардан басқа кезде басқа Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тұлғаларға жариялауға болмайтынын таниды.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

8.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотта қаралады.

9. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

9.1. Осы Шарт Талаптар қол қойған күннен бастап, күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

9.2. Шарттың Қосымшасы оның ажырамас бөлігі болып табылады.

9.3. Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделеді және оған Тараптар қол қояды.

9.4. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама кейіннен түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе бұл күндердің қайсысы кеш болғандығына байланысты (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

9.5. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

9.6. Шарт заң күші бірдей бес дана етіп жасалды: екеуі мемлекеттік және үшеуі орыс тілінде.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші

«ҚР Ұлттық Банкі» РММ
Шымкент филиалы
X09F0B5, Шымкент қ.,
Төрекұлов көш., 2
БСК NBRKKZKX
ЖСК KZ12125KZTX005100100
«ҚР Ұлттық Банкі» РММ
БСН 960941001173
Бек 13

Орындаушы

Орындаушыдан

«ҚР Ұлттық Банкі» РММ
Түркістан филиалы
161200, Түркістан қаласы, Тәуке хан
даңғылы, 371- құрылыс
БСК NBRKKZKX,
ҚР Ұлттық Банкі РММ
ЖБК KZ04125KZT8001100100
БСН 190441005334
Бек 13

Тапсырыс берушіден

_____ **А.А.Ботанбеков**

2022 ЖЫЛҒЫ « _____ » _____
(ҚР ҰБ тіркеген күні)

2022 ЖЫЛҒЫ « _____ » _____
(Жеткізушінің қол қойған/тіркелген күні)

№ _____ ҰБ/ _____ шартқа
(ҚР ҰБ нөмірі) (Жеткізушінің нөмірі)
№1 ҚОСЫМША

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰНЫНЫҢ ЕСЕБІ

р/с №	Қызмет көрсету мерзімі (2022 жыл, ай)	Мерзімдегі академиялық сағаттар саны	1 сағат үшін төлем құны (теңге)	Мерзімдегі төлем (теңге)
1	Қаңтар	-	-	-
2	Ақпан	16	5000	80000,00
3	Наурыз	16	5000	80000,00
4	Сәуір	16	5000	80000,00
5	Мамыр	16	5000	80000,00
6	Маусым	16	5000	80000,00
7	Шілде	-	-	-
8	Тамыз	-	-	-
9	Қыркүйек	16	5000	80000,00
10	Қазан	16	5000	80000,00
11	Қараша	8	5000	40000,00
12	Желтоқсан	-	-	-
ЖИЫНЫ:		120	5000	600 000,00